



ХҒТАР 16.01.21
Ғылыми мақала

С.Д. Қосназарова*¹, Б.Р. Кулжанова², Н.А. Таирова³

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
(E-mail: 1saltanatkosnazarova@gmail.com*, 2 bahit777@mail.ru, 3 nazgul_t@mail.ru)

ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ЖАҢА МОДЕЛЬДЕР

Аңдатпа. Мақалада ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясы ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктегі жаңа модельдер тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарда қазақ тілінде жарияланған ғылыми мақалалар негізінде цифрлық форматтағы ғылыми мәтіндердің құрылымдық, тілдік және мультимодальды ерекшеліктерін контент-талдау әдісімен айқындау. Эмпириялық база ретінде 2023-2025 жылдары жарық көрген, толық мәтіні онлайн қолжетімді, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы 6 ғылыми мақала таңдап алынды. Зерттеу барысында тақырыптық өріс, аңдатпа мен түйін сөздер жүйесі, мәтіннің композициялық құрылымы, терминологиялық бірізділік, дереккөздер географиясы, визуалды элементтер (кесте, диаграмма, иллюстрация) мен гиперсілтемелердің қолданылу жиілігі сияқты параметрлер кодталып, сандық және сапалық талдау жасалды. Нәтижесінде қазақ тіліндегі цифрлық ғылыми дискурста дәстүрлі IMRAD үлгісіне негізделген құрылымның сақталатыны, алайда ашық қолжетімділік, DOI, онлайн-платформа мүмкіндіктері, мультимодальды компоненттер арқылы мәтіннің желілік және интерактивті сипат ала бастағаны анықталды. Сонымен бірге бірқатар мақалаларда цифрлық формат ұсынатын гипермәтіндік байланыстар мен визуалды құралдардың толық пайдаланылмауы, дереккөздерді рәсімдеуде бірізділіктің жоқтығы мен тілдік нормалардың бұзылуы байқалды. Алынған нәтижелер ғылыми дискурстың ұлттық тілдік кеңістіктегі цифрлық жаңғыру деңгейін бағалауға және ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктегі жаңа ғылыми коммуникация модельдерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ғылыми дискурс, цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникативтік кеңістік, онлайн журнал, контент-талдау.

Түсті: 21.12.2025; Жөнделді: 14.05.2026; Мақұлданды: 16.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

отыр. Қазақ тіліндегі мақалалар DOI, eISSN, көптілді аңдатпа, халықаралық индекстеу жүйелері, онлайн-платформалар арқылы таратылады, алайда бұл өзгерістер көбіне техникалық деңгейде ғана сипатталып, ғылыми дискурстың нақты мәтіндік, жанрлық және прагматикалық параметрлері жеткілікті эмпириялық талданған жоқ. Осыған байланысты қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерді цифрлық медиамәтін ретінде қарастыру, олардың тақырыптық, құрылымдық, терминологиялық және визуалды-коммуникативтік ерекшеліктерін нақты журналдар материалында сипаттау зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу мақсаты

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған филологиялық журналдарда (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршылары) қазақ тілінде жарияланған алты мақалаға контент-талдау жүргізу арқылы ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясының тақырыптық, құрылымдық, терминологиялық және коммуникативтік модельдерін айқындау.

Зерттеу міндеттері

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

Ғылыми дискурс, цифрлық трансформация, корпус лингвистикасы және цифрлық гуманитаристика жөніндегі отандық және шетелдік зерттеулерге теориялық шолу жасау.

Цифрлық форматтағы ғылыми мақалаларды сипаттауға арналған контент-талдау критерийлерін (тақырыптық өріс, мәтін құрылымы, терминология, дереккөз жүйесі, визуалды және гипермәтіндік элементтер, коммуникативтік-прагматикалық параметрлер) негіздеу және кодтау схемасын әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі үш филологиялық журналдың 2025 жылғы №3 сандарында қазақ тілінде жарияланған алты мақалаға аталған контент-талдау критерийлерін қолдану.

Алынған деректер негізінде қазақ ғылыми дискурсының цифрлық трансформациясының нақты модельдерін (цифрлық инфрақұрылымға ішінара бейімделген және жоғары деңгейде цифрланған ғылыми мәтін типтерін) сипаттау.

Цифрлық форматтағы қазақ тіліндегі ғылыми мақалалардың адресаттық құрылымын, тілдік регистрін және көптілді (қазақ-орыс-ағылшын) метадеректер жүйесін коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан талдау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Зерттеудің ғылыми жаңалығын төмендегі қырлар құрайды:

Қазақ тіліндегі ғылыми мақалалар алғаш рет цифрлық медиамәтін ретінде қарастырылып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті журналдарының нақты материалдары негізінде ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясының параметрлері кешенді сипатталады.

Ғылыми мәтіннің цифрлық моделін сипаттауға арналған контент-талдау критерийлерінің жүйесі (тақырыптық өріс, IMRAD-қа жақындығы, цифрлық/корпустық

терминология, дереккөз жүйесі, визуалды және гипермәтіндік элементтер, көптілді метадеректер) ұсынылады.

Қазақстандық филологиялық журналдардағы қазақ тіліндегі мақалалардың негізінде ғылыми дискурстың екі деңгейлі цифрлық моделі айқындалады:

– мазмұндық деңгейде цифрлық инфрақұрылымды тікелей зерттеу нысаны ететін мақалалар (корпус, терминологиялық портал т.б.);

– инфрақұрылымдық деңгейде цифрлық экожүйеге кіріккен, бірақ тақырыптық жағынан дәстүрлі мақалалар (ономастика, паремиология, концептология, көркем проза талдауы).

Қазақ ғылыми дискурсының цифрлық кеңістіктегі көптілді (қазақ негізгі мәтін + орыс/ағылшын аңдатпа, терминология және метадеректер) моделі мен оның коммуникативтік-прагматикалық ерекшеліктері сипатталады.

Зерттеудің ғылыми болжамы

Зерттеудің ғылыми болжамы келесідей тұжырымға негізделеді:

Қазақ тіліндегі ғылыми мақалаларда цифрлық трансформация тек техникалық деңгейде (DOI, eISSN, онлайн-платформа) ғана емес, мәтіннің макроқұрылымы, терминологиялық репертуары, дереккөз жүйесі және визуалды-коммуникативтік құралдары арқылы да көрініс табады.

Цифрлық инфрақұрылыммен тікелей жұмыс істейтін салаларға (корпус лингвистикасы, терминологиялық корпус, онлайн-порталдар) арналған мақалаларда ғылыми дискурстың жаңа, мультимодальды және дерекке негізделген моделі басым; ал дәстүрлі тақырыптағы мақалаларда цифрлық элементтер негізінен метадеректік деңгейде шоғырланады.

Үш филологиялық журналдың 2025 жылғы №3 сандарындағы алты мақаланың контент-талдауы қазақ ғылыми дискурсын цифрлық ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің бір бөлігі ретінде сипаттауға, яғни ғылыми мақаланың классикалық жанрлық коды мен цифрлық медиамәтіннің жаңа талаптары тоғысқан гибридті модель туралы айтуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі лингвистикалық және коммуникациялық зерттеулерде ғылыми дискурс белгілі бір мамандандырылған қауымдастық шеңберінде жүзеге асатын, рационалдыққа, дәлелділікке, логикалық тұтастыққа, терминологиялық нақтылыққа және верификацияланатын білімге негізделген институционалдық дискурс түрі ретінде айқындалады. М.Ю. Миронова ғылыми дискурсты жанрлық-стистикалық, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдени параметрлердің тоғысында қарастырып, оны ғылыми білімді өндіру мен бекітудің басты тілі және әлеуметтік тәжірибесі ретінде сипаттайды (Миронова, 2023).

Е.В. Вахтерова және оның әріптестері зерттеу дискурсының өзегін ғылыми мақала жанры құрайтынын, ал ғылыми дискурстың конститутивтік белгілері ретінде аргументтілік, интертекстуалдылық, жанрлық-рәсімдік нормалар мен адресант-адресат қатынастарының тұрақты моделі анықталатынын көрсетеді (Вахтерова, 2020). Осы тұрғыдан алғанда ғылыми дискурс мына негізгі белгілермен сипатталады:

- логикалық-құрылымдық тұтастық және дәлелдемелік жүйе;
- терминологиялық нақтылық пен дефиницияға сүйену;

– дереккөздермен жүйелі жұмыс (әмбебап сілтеме нормалары, интертекстуалдылық);
– стильдің формалдылығы, бағалаудың тежелген (объективтендірілген) сипаты;
– институционалдық реттелуі (шолу, этикалық кодекстер, редакциялық саясат және т.б.).

Соңғы жылдары ғылыми дискурсты зерттеу корпус лингвистикасы, жанрлық талдау және метадискурс теориясы негізінде жаңаша қарқын алды. М.Ю. Миронованың шолу еңбегі ғылыми дискурс теориясының эволюциясын жүйелей отырып, қазіргі кезеңде корпустық-сандық тәсілдер мен коммуникативтік-прагматикалық үлгілердің жетекші орынға шыққанын көрсетеді (Миронова, 2023). Е.В. Вахтерова және т.б. ғылыми мақаланың жанрлық универсалияларын (IMRAD және оның варианттары), сондай-ақ пәндік салаға қарай мәтін ішіндегі аргументация, метадискурсивтік құралдар және ақпаратты ұйымдастыру айырмашылықтарын сипаттайды (Вахтерова, 2020).

К.Хайлендтің метадискурсқа арналған еңбегі ғылыми мәтіндегі авторлық ұстаным, адресатпен байланыс, дәлелділік пен болжамдылықты (hedging) реттейтін тілдік құралдар жүйесін анықндап, ғылыми дискурстың интерактивтік және интерперсоналдық қырын ашады (Nyland, 2018). Жанрлық (move)-талдауға негізделген зерттеулер (D.Setiawati және т.б.) ғылыми мақаланың кіріспе, әдіс, нәтижелер, қорытынды бөліктерінің риторикалық қадамдарын салыстыра отырып, ғылыми дискурстың құрылымы халықаралық стандарттарға сай тұрақтанғанымен, салалық және ұлттық ерекшеліктер сақталатынын дәлелдейді (Setiawati, 2021).

Қазіргі әдебиеттер ғылыми мақаланы зерттеу дискурсының орталық жанры ретінде қарастырып, оның макроқұрылымы (тақырып, аннотация, түйін сөздер, кіріспе, теориялық шолу, әдіснама, нәтижелер, талқылау, қорытынды, әдебиеттер) ғылыми дискурстың институционалдық коды ретінде қызмет етеді деп көрсетеді (Вахтерова, 2020; Setiawati, 2021). Монография, конференция баяндамасы, шолу мақала, қысқаша хабарлама сияқты жанрлар да осы кодқа сүйеніп, формалдылық, терминологиялық нақтылық және аргументтілік талаптарымен бөліседі.

Цифрлық трансформация жағдайында аталған кодтың өзіндік эволюциясы байқалады. Цифрлық ортада ғылыми мақаланың базалық құрылымы (кіріспе – әдіс – нәтижелер – қорытынды; IMRAD үлгісі) сақталғанымен (Вахтерова, 2020; Setiawati, 2021), оған қосымша элементтер енеді: кеңейтілген және графикалық аннотациялар, деректер мен материалдарға гиперсілтемелер, қосымша файлдар, ORCID, DOI, қаржыландыру туралы мәліметтер, этикалық рұқсаттар және т.б. (Masson 2025; Bergstrom, 2024). Бұл элементтер ғылыми мәтінді бір мезгілде әрі *вербалды дискурс*, әрі *цифрлық медиа мәтін* ретінде қарастыруға негіз береді.

Цифрлық трансформация қазіргі зерттеушілер тарапынан тек технологиялық жаңғыру емес, ұйымдық құрылым, білім өндіру тәсілдері, коммуникациялық арналар мен бағалау жүйелерін кешенді өзгерту үдерісі ретінде түсіндіріледі (Verhoef, 2021; Kankam, 2024). Гуманитарлық ғылымдарда бұл үдеріс мәтіндік корпустар, цифрлық архивтер, деректер визуализациясы, цифрлық гуманитаристика журналдары арқылы ғылыми дискурсқа жаңа құралдар мен жанрлар енгізіп отыр (Salerno, 2024). Онлайн-журналдар, репозиторийлер, библиометриялық және алтметриялық платформалар, ашық деректер базалары, ғылыми әлеуметтік желілер (ResearchGate, Academia.edu т.б.) біртұтас цифрлық ақпараттық-коммуникативтік кеңістікті қалыптастырады.

Ithaka S+R тобының «екінші цифрлық трансформация» туралы баяндамасында ғылыми басылымдардың инфрақұрылымы енді толықтай дерлік цифрлық экожүйеге

негізделгені, онда жарияланым форматы, рецензиялау, индекстеу мен іздеу, метрикалар және көрінулік өзара байланысты модульдер ретінде жұмыс істейтіні атап өтіледі (Bergstrom, 2024). A.Masson зерттеуі ашық ғылым платформалары ғылыми нәтижелердің жаңа типтерін (препринт, деректер жиынтығы, код репозиториясы, презентация, блог) легитимді ғылыми өнім ретінде мойындатып, дәстүрлі журнал орталық ролін әлсіретіп, желілік ғылыми дискурстың пайда болуына ықпал ететінін көрсетеді (Masson, 2025).

P.K. Kankam және оның әріптестері, сондай-ақ A.Malik және т.б. еңбектері ашық қолжетімділік пен OA-платформалардың дәйексөз алу, оқырман ауқымы мен коммуникациялық әсерге ықпалын талдай отырып, цифрлық арналардың ғылыми дискурстың таралу логикасын түбегейлі өзгерткенін дәлелдейді (Kankam, 2024; Malik, 2024). Altmetrics және онлайн-белсенділікке арналған зерттеулер (мысалы, J.Y.Ng және т.б.) ғылыми коммуникацияның бағалануы дәстүрлі дәйексөздермен шектелмей, әлеуметтік желілер, медиа, блогтардағы талқылауларды да қамтитынын, яғни ғылыми дискурс цифрлық қоғамдық кеңістікпен тығыз тоғыса бастағанын көрсетеді (Ng, 2025).

Цифрлық кеңістікте ғылыми нәтижелердің жылдам айналымы ғылыми этика мәселелерін өзектілендіреді: деректердің ашықтығы, репозиторийлердегі сақталуы, авторлық құқық, плагиат, рецензиялық процестің транспаренттілігі. Еуропалық зерттеу адалдығы кодексі және ашық ғылым саясаты жөніндегі жаңа ұсынымдар деректерді бөлісу, қайта пайдалану және ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуде жауапкершілік, жариялылық және құпиялық арасындағы теңгерімді сақтауды негізгі қағида ретінде бекітеді (Mohanty, 2025; ALLEA, 2023).

Онлайн-платформалардағы аудитория типологиясын сипаттайтын эмпириялық жұмыстар (мысалы, Who Are the Science Audiences?) цифрлық ғылыми коммуникацияның адресаты енді тек тар кәсіби қауымдастық емес, көпдеңгейлі, сегменттелген, интерактивті аудитория екенін айқындайды (Deng, 2024). Дәстүрлі ғылыми дискурста адресат – белгілі бір пәндік қауымдастықтың мүшелері, коммуникацияның негізгі арнасы – сараптамадан өткен журнал, монография, конференция жинағы болса, цифрлық дискурста:

- көпдеңгейлі адресат (мамандар, жас зерттеушілер, студенттер, саясаткерлер, кең жұртшылық);

- мультиплатформалық тарату (журнал сайты, репозиторий, әлеуметтік желілер, ғылыми подкаст, вебинар);

- өзін-өзі таныту және ғылыми бренд қалыптастыру стратегиялары (профильдер, метрикалар, ашық талқылаулар)

маңызды орын алады (Masson, 2025; Bergstrom, 2024; Deng, 2024).

Дәстүрлі баспа форматындағы ғылыми дискурс формалды, номинативті, авторлық «менді» бүркемелеуге бейім болса, цифрлық кеңістіктегі мәтіндерде авторлық дауыстың айқынырақ көрінуі, оқырманға тікелей жүгіну, метадискурсивтік маркерлердің көбеюі, ағылшын тілі мен халықаралық терминологияның ықпалы, кейбір платформаларда (блог, ғылыми жаңалық, Twitter/X-тредтер) ғылыми және публицистикалық регистрдің араласуы байқалады (Hyland, 2018; Orzeatǎ, 2024; Deng, 2024). Сонымен бірге беделді журналдарда формалды стиль нормалары сақталып, цифрлық мүмкіндіктер ғылыми дәлелді әлсіретпей, керісінше, ашықтық пен тексерілуін күшейту құралы ретінде қолданылады (Masson, 2025; Kankam, 2024; Malik, 2024).

Осы халықаралық зерттеулер ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясын негізінен жаһандық коммуникация кеңістігі, ашық ғылым платформалары, жаңа жанрлар

мен метрикалар тұрғысынан сипаттайды. Алайда ұлттық ғылыми басылымдардағы (мысалы, қазақстандық филологиялық журналдар) нақты ғылыми мақалалардың құрылымы, терминологиялық өрісі, визуалды элементтері және метадеректік деңгейде (DOI, eISSN, көптілді аннотация, халықаралық дерекқорларға сілтеме) жүзеге асатын цифрлық модельдері жеке эмпириялық талдауды қажет етеді.

Осы мақалада аталған теориялық ұстанымдарға сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі үш филологиялық журналдың 2025 жылғы №3 сандарында жарияланған алты мақаланың контент-талдауы жүргізіледі. Зерттеу ғылыми мақаланы бір мезгілде дәстүрлі жанрлық кодқа бағынатын және цифрлық ақпараттық-коммуникативтік кеңістікте өмір сүретін медиамәтін ретінде қарастырып, ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясының нақты институционалдық және жанрлық модельдерін сипаттауға бағытталады.

Кесте 1 - Дәстүрлі және цифрлық ғылыми дискурс

Параметр	Дәстүрлі ғылыми дискурс	Цифрлық ғылыми дискурс
Тасымалдаушы формат	Баспа журнал, монография	Онлайн журнал, репозиторий, платформа, әлеуметтік желі
Құрылым	Классикалық IMRAD, шектеулі қосымша материал	IMRAD + кеңейтілген метадеректер, гиперсілтемелер, қосымша деректер, мультимодальды элементтер
Тілдік стиль	Қатаң формалды, «бейтарап» автор	Формалды негіз сақталады, бірақ метадискурс, авторлық ұстаным, түсіндіру, визуалды қолдау күшейеді
Дереккөздер жүйесі	Баспа дереккөздері, шектеулі қолжетімділік	Ашық қолжетімді мақалалар, дерекқорлар, препринттер, DOI/ORCID, Altmetrics
Коммуникативтік арна	Тар кәсіби аудитория, баяу айналым	Көпдеңгейлі аудитория, жедел және интерактивті коммуникация
Этикалық реттеу	Журнал регламенті, классикалық ережелер	Халықаралық этикалық кодекстер, ашық деректер саясаты, лицензиялар, онлайн-бақылау тетіктері

Бұл шолу мақалада жүргізілетін эмпириялық контент-талдауды теориялық тұрғыдан негіздей отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету комитеті базасындағы қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндердің цифрлық ғылыми дискурс моделіне қаншалықты сәйкес келетінін бағалау үшін концептуалдық база қалыптастырады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Зерттеу материалы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне енген үш ғылыми журналдың 2025 жылғы №3 сандарында жарияланған мақалалар алынды:

Том 152 № 3 (2025) – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы;*

Том 199 № 3 (2025) – «ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия»;

Том 78 № 3 (2025) – Абылай хан атындағы ҚазХҚжЭТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы.

Аталған үш басылымның осы сандарынан цифрлық трансформация, медиамәтін, онлайн-білім және жаңа медиа мәселелерін қозғайтын барлығы 6 мақала іріктелді. Зерттеу бірлігі (unit of analysis) ретінде әр жеке ғылыми мақала алынды.

Зерттеу контент-талдау әдісімен жүргізілді. Контент-талдау бірлігі – 6 ғылыми мақала. Кодтау келесі параметрлер бойынша жүргізілді:

Тақырыптық өріс - мақала тақырыбы мен мазмұнындағы келесі ұғымдардың болуы/болмауы белгіленді: «цифрлық трансформация», «медиамәтін», «корпус», «онлайн-білім», «жаңа медиа» және соған жақын терминдер.

Мәтін құрылымы - мақала құрылымы бойынша келесі элементтердің берілуі кодталды: атауы, аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, теориялық бөлім, әдіс, нәтиже, қорытынды. Сонымен қатар мәтіннің IMRAD үлгісіне (Introduction, Methods, Results, Discussion) жақындығы 0-4 өлшемі бойынша бағаланды.

Терминология - мәтінде цифрлық кеңістік пен жаңа медианы сипаттайтын негізгі терминдердің («цифрлық», «медиалингвистика», «корпус лингвистикасы», «платформалар», «метадеректер», «DOI» және т.б.) қолданылуы «бар/жоқ» қағидасымен белгіленді.

Дереккөз жүйесі - пайдаланылған әдебиеттер тізімінде және мәтін ішінде: халықаралық дерекқорларға (Scopus, Web of Science), DOI-ға, ашық қолжетімді репозиторийлер мен онлайн-корпустарға сілтемелердің болуы кодталды. Сонымен қатар әр мақаладағы әдебиеттер саны тіркелді.

Визуалды элементтер - мақала мәтініндегі кестелер, диаграммалар, скриншоттар, гиперсілтемелер саны мен болуы белгіленді (0/1 және жиілігі).

Коммуникативтік-прагматикалық параметрлер:

- адресат бейнесі (академиялық қауым, практиктер, аралас);

- стильдің формалдылық деңгейі (өте формалды, орташа, жартылай ғылыми);

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қатынасы;

- мәтіннің цифрлық кеңістікке бейімделу дәрежесі (DOI, гиперсілтемелер, онлайн-платформаға сілтемелер, цифрлық ортаға бағытталуы) 0-3 өлшемі бойынша бағаланды.

Әр мақала осы критерийлер бойынша кодталды (негізінен «бар/жоқ» бинарлы көрсеткіштері және бірнеше параметр үшін 0-4/0-3 өлшемдері қолданылды). Алынған деректер бойынша қарапайым жиілік пен пайыздық үлес есептеліп, нәтижелер кесте және диаграмма түрінде ұсынылды.

Талдау және талқылау

Жүргізілген контент-талдау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті журналдарындағы филологиялық мақалалардың цифрлық трансформациясы екі деңгейде жүріп жатқанын көрсетті. Біріншіден, мазмұндық деңгейде тек жекелеген зерттеулер ғана (фольклорлық мәтіндер корпусы, нормативтік терминдер корпусы) цифрлық инфрақұрылымды, корпус лингвистикасын және онлайн-платформаларды тікелей зерттеу нысанына айналдырады. Бұл жұмыстарда ғылыми мәтіннің жаңа моделі – корпусқа негізделген, визуалды-интерактивті, метадерекке тәуелді ғылыми дискурс қалыптасып келе жатқаны байқалады.

Екіншіден, формалды-техникалық деңгейде цифрлық трансформация барлық алты мақалада дерлік көрініс тапқан: DOI, eISSN, ORCID, онлайн-қолжетімділік күні, электронды порталдарға жасалған гиперсілтемелер қазіргі ғылыми дискурстың ажырамас бөлігіне айналған. Осылайша, тақырыбы дәстүрлі (ономастика, концептология, паремиология, көркем проза) болғанның өзінде, ғылыми мәтін цифрлық кеңістікте өмір сүретін, индекстелетін және таралатын цифрлық медиамәтінге айналады.

Визуалды элементтердің біркелкі қолданылмауы ғылыми дискурста жаңа модельдердің қалыптасуын аңғартады: кейбір корпусстық зерттеулерде кестелер, диаграммалар, сөздік бұлттар мен конкорданстар ғылыми дәлелдеудің негізгі компонентіне айналса, өзге мақалаларда мәтін әлі де негізінен таза вербалды формада ұсынылып отыр. Бұл цифрлық трансформацияның барлық бағытта бірдей жүрмей, ең алдымен дерекқорлармен, корпусстармен, порталдармен жұмыс істейтін салаларда жедел дамып жатқанын көрсетеді.

Тілдік-прагматикалық жағынан алғанда, қазақ ғылыми дискурсы цифрлық кеңістікте көптілді модель ретінде қалыптасып келеді: мәтіннің негізгі қойылымы қазақ тілінде, ал цифрлық метадеректер мен халықаралық коммуникация арналары ағылшын және орыс тілдері арқылы жүзеге асады. Бұл ғылыми мәтіннің бір мезгілде ұлттық және жаһандық ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің бөлігі болып қалыптасуына негіз болады.

Алты мақаланың қысқаша контент-талдауы:

1) Түркі халықтары мен қырғыз есімдері туралы мақала (Құрбанов, 2025).

Абылай хан Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3 (78), 2025

Тақырыптық өріс: дәстүрлі ономастика, этнолингвистика; цифрлық/корпус тақырыбы жоқ.

Мәтін құрылымы: аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, «материалдар мен әдістердің сипаттамасы», «нәтижелер мен талқылау», қорытынды – классикалық ғылыми құрылым, IMRAD-қа жақындығы $\approx 3/4$ (барлық негізгі блок бар).

Терминология: ономастика, антропонимия, этнолингвистика т.б.; цифрлық/корпус терминдері қолданылмайды.

Дереккөз жүйесі:

Мақаланың өз DOI-ы бар: 10.48371/PHILS.2025.3.78.013.

Әдебиеттерде шетелдік журнал және онлайн-сілтеме көрсетіледі (European Journal of Natural History, world-science.ru URL).

Визуалды элементтер: кесте/диаграмма көрсетілмейді (мәтіндік талдау басым).

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – академиялық қауым.

Стиль – жоғары формалды, ғылыми.

Қазақ мәтіні + орысша/ағылшынша аңдатпалық блоктар (қазақ/орыс/ағылшын үштігі метадеректе көрінеді).

Цифрлық кеңістікке бейімделуі: DOI, онлайн-журнал форматы, шетелдік электронды дереккөзге гиперсілтеме – деңгейі: 1-2 (DOI + URL, бірақ цифрлық платформамен жұмыс жоқ).

2) «Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы: ғылыми талдау және зерттеу мүмкіндіктері» (Аитова, 2025).

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (152), 2025

Тақырыптық өріс: цифрландыру, мәтіндік корпус, корпусстық лингвистика – цифрлық трансформациямен тікелей байланысты басты мақала.

Мәтін құрылымы: аңдатпа, түйін сөздер, кіріспе, «зерттеу мақсаты мен міндеттері», «зерттеу материалы мен әдістері», «әдебиеттерге шолу», нәтижелер мен талдаудың бөлек блоктары – IMRAD-қа жақындығы: 4/4.

Терминология: корпустық лингвистика, мәтіндік корпус, конкорданс, KWIC, word cloud, статистикалық талдау, цифрландыру, параллель корпус, т.б.

Дереккөз жүйесі: DOI: 10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27; eISSN, онлайн-қолжетімді күні берілген.

Халықаралық корпус жобаларына сілтемелер (SKVR – фин халық жырлары корпусы, т.б.).

Фольклор корпустарын сипаттағанда метадеректер, интерфейс, инфрақұрылым туралы айтылады.

Визуалды элементтер:

2-кесте – жиілік тізімі.

2-сурет – бағандық диаграмма (жиілік үлесі).

4-сурет – word cloud (сөздік бұлт).

5-сурет – «Төстік» сөзі бойынша KWIC-конкорданс.

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – корпус лингвистикасы мен цифрлық гуманитаристика саласындағы зерттеушілер.

Стиль – жоғары формалды, бірақ IT-терминдер (word cloud, KWIC, NLP) ағылшынша жазылады.

Қазақ мәтіні + ағылшын терминдері + халықаралық жобалардың ағылшынша атауы – көптілді, гибридті курс.

Цифрлық кеңістікке бейімделуі: DOI, eISSN, онлайн-қолжетімділік, цифрлық корпус интерфейсінің скрин-типтегі суреттері – деңгейі 3 (терең цифрлық интеграция).

3) «Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты» (Аманбекқызы, 2025).

ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (152), 2025

Тақырыптық өріс: паремиология, когнитивтік лингвистика, дүниенің тілдік бейнесі; цифрлық/корпус тақырыбы жоқ.

Мәтін құрылымы: аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, «әдебиеттерге шолу», «әдіснама», нәтижелер мен талқылау, қорытынды – IMRAD-қа жақындығы: 3/4 (Methods айқын, Results бөлігі мәтін ішінде).

Терминология: паремиологиялық бірлік, әлемнің тілдік моделі, тілдік тұлға, т.б. – цифрлық терминдер жоқ.

Дереккөз жүйесі: DOI, eISSN, халықаралық әдебиеттер (ағылшын тіліндегі мақалаларға сілтеме) бар.

Визуалды элементтер: көрнекі кесте/диаграмма жоқ, мысалдар мәтін ішінде беріледі.

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – филолог-зерттеушілер мен фольклортанушылар.

Стиль – классикалық ғылыми.

Қазақ тілі негізгі тіл, ал библиографиялық блокта орыс/ағылшын дереккөздері бар.

Цифрлық кеңістікке бейімделуі: DOI, eISSN, онлайн-журнал форматы – деңгейі 1.

4) «Отбасы концепті ирланд және қазақ әлемінің тілдік бейнесінде» (Тортай, 2025).

Абылай хан Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3 (78), 2025

Тақырыптық өріс: концепт, әлемнің тілдік бейнесі, лингвомәдениеттану; цифрлық тақырып жоқ.

Мәтін құрылымы: аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, «материалдар мен әдістердің сипаттамасы», нәтижелер, қорытынды – IMRAD-қа жақындығы $\approx 3/4$.

Терминология: концепт, ұлттық дүниетаным, семантикалық өріс – классикалық когнитивтік-лингвистикалық аппарат.

Дереккөз жүйесі: DOI, библиографиялық дереккөздер; кейбірі интернет көздеріне сүйенеді.

Визуалды элементтер: материал сөздіктер мен мәтіннен алынған мысалдар арқылы талданады; кесте/диаграмма жоқ (визуалды компонент азайтылған).

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – когнитивтік лингвистика, этнолингвистика мамандары.

Стиль – біршама формалды, ғылыми.

Қазақ тілді мәтін, ағылшынша түйін сөздер мен аңдатпа арқылы үштілді формат көрінеді.

Цифрлық бейімделу: DOI, электронды журнал параметрлері – деңгейі 1.

5) «Қоғамдық-гуманитарлық саладағы нормативтік терминдер: құрылымдық-модельдік аспект» (Айдарбек, 2025).

ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (199), 2025

Тақырыптық өріс: ұлттық ғылыми терминология, нормативтік терминдер, «терминологиялық корпус» ұғымы, termincom.kz порталы – жанама түрде цифрлық инфрақұрылымға қатысты.

Мәтін құрылымы: аңдатпа (қаз/ағылш/орыс), кіріспе, «материалдар мен әдістер», нәтижелер/талдау, қорытынды – IMRAD-қа жақындығы: 3-4/4.

Терминология: терминологиялық қор, терминологиялық бірлік, терминжүйе, корпус, глоссарий, т.б. – мәтінде «нормативтік терминдер корпусы», «termincom.kz порталында тіркелген 603 термин» сияқты цифрлық-корпустық сипаттамалар бар.

Дереккөз жүйесі:

DOI және үш тілдегі аңдатпа.

Негізгі дереккөз – termincom.kz электронды порталы (ресми бюллетеньдер мен глоссарийлер).

Визуалды элементтер: құрылымдық-модельдік типтерді сипаттауда кестелер болуы ықтимал, бірақ басты басымдық – мәтіндік талдау (визуалды бөлік шектеулі).

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – терминологтар, аудармашылар, ғылым тілін кодификациялайтын мамандар.

Стиль – жоғары формалды, нормативтік-ғылыми.

Қаз/орыс/ағылшын үштілділігі айқын (аңдатпа толық үш тілде).

Цифрлық бейімделу: DOI, электронды терминологиялық порталмен жұмыс – деңгейі 2-3.

6) «Алмаз Мырзахмет әңгімелеріндегі көркемдік-эстетикалық ізденістер» (Атаханова, 2025)

ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (199), 2025

Тақырыптық өріс: қазіргі қазақ прозасы, «Дежавю» жинағы, психологиялық проза, миниәңгіме, триллер/хоррор элементтері. Цифрлық трансформация – тақырып ретінде емес, бірақ «ақпараттық заманда уақыттың шектеулілігі», mini story форматы сияқты жанрлық жаңалықтар арқылы жанама түрде сезіледі.

Мәтін құрылымы: аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе (контекст), негізгі талдау бөлімдері (әр әңгімеге жеке тараулар), қорытынды; IMRAD емес, «әдеби-сын» үлгісі – жақындығы $\approx 1-2/4$.

Терминология: проза, қысқа әңгіме, психологизм, мистика, стиль, көркемдік ізденіс – дәстүрлі әдебиеттанулық аппарат.

Дереккөз жүйесі: DOI, орыс/ағылшын аннотациялары, халықаралық авторлар мен концепцияларға (Bakhtin, Bergson, Deleuze, т.б.) сілтеме.

Визуалды элементтер: жоқ (барлығы – үзінділер мен интерпретация).

Коммуникативтік-прагматикалық:

Адресат – әдебиеттанушылар мен заманауи қазақ прозасына қызығатын академиялық орта.

Стиль – ғылыми-сыни, бірақ кей жерлері публицистикалық реңкке жақын.

Қазақ мәтіні + ағылшын/орысша аңдатпа, авторлар туралы мәлімет үш тілде беріледі.

Цифрлық бейімделу: DOI, электронды журнал форматы; мәтін ішіндегі заманауи оқырманның ақпараттық әдеттері туралы репликалар – деңгейі 1-2.

Нәтижелер

Зерттеу материалы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне енгізілген үш журналдың 2025 жылғы №3 сандарынан алынған алты ғылыми мақала қарастырылды. Олардың ішінде цифрлық трансформация тақырыбына тікелей арналған екі мақала – қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы туралы жұмыс және қоғамдық-гуманитарлық саладағы нормативтік терминдер корпусын сипаттайтын зерттеу. Бұл мақалаларда мәтінді цифрлық ортаға көшіру, корпус лингвистикасы, терминологиялық база және онлайн-порталдар (termincom.kz, халықаралық фольклор корпустары) сияқты ұғымдар жүйелі түрде қолданылады.

Қалған төрт мақалада (ономастика, паремиология, концептология, қазіргі проза талдауы) цифрлық кеңістік зерттеу нысаны емес, бірақ олардың барлығында мақаланың метадеректік деңгейінде цифрлық инфрақұрылым белгілері көрінеді: алты мақаланың бәрінде DOI, ISSN/eISSN көрсетілген, онлайн-қолжетімділік уақыты тіркелген және халықаралық электронды журналдарға, интернет-ресурстарға сілтемелер беріледі.

Мәтін құрылымы бойынша алты мақаланың бесеуінде аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, теориялық не әдебиеттерге шолу, әдіс/әдіснама және нәтиже-қорытынды блоктары айқын бөлінген, яғни IMRAD моделімен үйлесімі жоғары (3-4 балл). Әдеби талдауға арналған бір мақалада құрылым дәстүрлі әдеби-сыни композицияға негізделген (1-2 балл), дегенмен онда да кіріспе мен қорытынды, авторлар туралы цифрлық метадеректер беріледі.

Терминологиялық репертуар тұрғысынан алты мақаланың екеуінде («Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы», «Нормативтік терминдер») цифрлық орта мен корпус лингвистикасына тән «мәтіндік корпус», «конкорданс», «KWIC», «word cloud», «терминологиялық корпус», «портал», «глоссарий» сияқты ұғымдар белсенді қолданылады.

Қалған төрт мақаланың терминологиялық өрісі дәстүрлі (ономастика, паремиология, концепт, прозалық поэтика), цифрлық терминология тек журнал инфрақұрылымы деңгейінде (DOI, eISSN, онлайн платформа атаулары) көрінеді.

Визуалды элементтер тек бір мақаладан (фольклорлық корпус) кең көлемде байқалады: кестелер, бағандық диаграмма, сөздік бұлт және конкорданс скриндері мәтін талдаудың негізгі құралы ретінде пайдаланылған.

Ал қалған бес мақалада талдау негізінен үзінділер мен теориялық түсіндірме арқылы, вербалды түрде беріледі, кесте мен диаграмма сирек немесе мүлде қолданылмайды.

Коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан алғанда, барлық мақалалардың адресаты – академиялық қауым мен салалық зерттеушілер. Стильдің формалдылық деңгейі жоғары, ғылыми нормаларға сай. Барлық мәтіндер қазақ тілінде жазылғанымен, аңдатпа, түйін сөздер және авторлар туралы мәліметтер көбіне үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріледі; цифрлық платформаға бейімделген DOI, ORCID, e-mail, онлайн-қолжетімді күні сияқты метадеректер ғылыми дискурстың көптілді және цифрлық сипатын күшейтеді.

2-кесте – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне енген журналдарындағы 6 мақаланың контент-талдауы

№	Мақала коды	Қысқаша тақырып (шартты)	Тақырыптық өріс (цифрлық / дәстүрлі)	IM-RAD (0-4)	Цифрлық / корпус терминдері	DOI / онлайн-сілтемелер	Визуалды элементтер (кесте, диаграмма, скрин)	Тілдік құрамы (мәтін / аннотация)
1	M1	Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы	Цифрлық трансформация, корпус, жаңа медиа	4	Бар (corpus, KWIC, word cloud, т.б.)	Бар (DOI, eISSN, онлайн қолжетімділік)	Бар (кесте, диаграмма, word cloud, конкорданс)	Негізгі мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN
2	M2	Қоғамдық-гуманитарлық нормативтік терминдер (termincom.kz)	Терминология, цифрлық терминологиялық корпус, онлайн-портал	3-4	Бар (корпус, портал, глоссарий, т.б.)	Бар (DOI, порталға сілтемелер)	Шектеулі (қажетіне қарай кестелер)	Мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN
3	M3	Түркі және қырғыз антропоним-дері / есімдер	Дәстүрлі ономастика, этнолингвистика	3	Жоқ (цифрлық/корпус терминдері қолданылмайды)	Бар (DOI, онлайн журнал деректері)	Жоқ (негізінен мәтіндік талдау)	Мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN
4	M4	Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің танымдық сипаты	Дәстүрлі паремиология, когнитивтік лингвистика	3	Жоқ	Бар	Жоқ	Мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN
5	M5	«Отбасы» концепті (ирланд және қазақ әлемінің тілдік бейнесі)	Концептология, лингвомәдениеттану	3	Жоқ	Бар	Жоқ	Мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN
6	M6	Алмаз Мырзахмет әңгімелеріндегі көркемдік-эстетикалық ізденістер	Қазіргі проза, әдеби-сыни талдау; цифрлық – жанама (оқырман уақыты, миниәңгіме форматы)	1-2	Тікелей жоқ (цифрлық тек контекст ретінде)	Бар	Жоқ	Мәтін – KZ; аннотация – KZ/RU/EN

1-кестеде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне енген журналдарының 2025 жылғы №3 сандарынан іріктелген алты мақаланың тақырыптық, құрылымдық және цифрлық-прагматикалық параметрлер бойынша жалпыланған сипаттамасы берілген.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ғылыми дискурстың цифрлық трансформациясы қазақстандық филологиялық басылымдарда екі деңгейде жүзеге асып жатқанын көрсетті. Біріншіден, мазмұндық деңгейде цифрлық инфрақұрылым мен корпус лингвистикасына тікелей арналған мақалаларда (қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы, нормативтік терминдер корпусы) ғылыми мәтіннің жаңа моделі қалыптасып келеді: деректерге негізделген талдау, визуалды және интерактивті элементтерді (кесте, диаграмма, word cloud, конкорданс) жүйелі пайдалану, платформалар мен репозиторийлерге сілтемелер ғылыми дәлелдеменің құрамдас бөлігіне айналуға. Екіншіден, инфрақұрылымдық деңгейде дәстүрлі тақырыптар (ономастика, паремиология, концептология, қазіргі проза) аясында жазылған мақалалардың өзінде DOI, eISSN, көптілді аңдатпа, халықаралық базаларға сілтеме, онлайн-қолжетімділік сияқты метадеректік элементтер арқылы цифрлық ортаға кірігу жүзеге асады. Осылайша, қазақ тіліндегі ғылыми мақала бір мезгілде классикалық жанрлық үлгіні сақтайтын және цифрлық медиамәтіннің талаптарына бейімделген гибриді құрылым ретінде көрінеді.

Мәтіннің құрылымдық ұйымдасуы тұрғысынан алғанда, талданған алты мақаланың басым бөлігінде IMRAD үлгісіне жақын макроқұрылым (кіріспе, теориялық/әдеби шолу, әдіс/материалдар, нәтижелер мен талқылау, қорытынды) қалыптасқаны байқалды. Бұл Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі филологиялық журналдарда халықаралық ғылыми стандарттарға бағдар ұстанудың күшейіп келе жатқанын айқындайды. Алайда мультимодальды және визуалды құралдарды пайдалану деңгейі біркелкі емес: корпустық зерттеуде визуалды элементтер ғылыми дәлелдеу құрылымының маңызды арнаға айналса, қалған мақалаларда мәтін негізінен вербалды, сызықтық формада ұсынылады. Бұл цифрлық трансформацияның ең алдымен дерекқорлармен, платформалармен және сандық талдау құралдарымен тікелей жұмыс істейтін салаларда жедел жүріп жатқанын көрсетеді.

Коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан қазақ ғылыми дискурсының цифрлық кеңістікте көпдеңгейлі адресатқа бағытталғаны аңғарылады. Барлық талданған мәтіндерде адресат ретінде кәсіби академиялық орта айқындалғанымен, көптілді аңдатпалар мен ағылшын тіліндегі метадеректер (кілт сөздер, журнал деректері, DOI сипаттамасы) мақалаларды халықаралық ғылыми айналымға бейімдеуге бағытталған стратегияларды танытады. Қазақ тілі негізгі ақпараттық және дәлелдемелік арна ретінде сақталады, ал орыс және ағылшын тілдері ғылыми мәтіннің көрсетілуін, индекстелуін және қолжетімділігін қамтамасыз ететін қосымша қабат ретінде қызмет атқарады.

Жалпы алғанда, зерттеу қазақстандық филологиялық басылымдардағы қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндердің цифрлық трансформациясы аяқталған, тұтас жүйе емес, дамып келе жатқан, өтпелі сипаттағы құбылыс екенін көрсетті. Бір жағынан, құрылымдық-жанрлық код (ғылыми стиль нормалары, дәлелдеу логикасы, терминологиялық аппарат) айтарлықтай тұрақты; екінші жағынан, цифрлық инфрақұрылым элементтері,

визуалды құралдар, көптілді метадискурс және онлайн-платформалармен байланыс ғылыми дискурстың жаңа модельдерін қалыптастыруда.

Зерттеудің шектеулері де бар: талдау тек бір жыл ішіндегі үш филологиялық журналдың 2025 жылғы №3 сандары мен алты мақала материалымен шектеледі, сондықтан нәтижелерді барлық гуманитарлық салаларға тікелей жалпылау мүмкін емес. Болашақта әртүрлі пәндік салалар (әлеуметтану, педагогика, тарих, медиазерттеулер), өзге мерзімдер мен журналдар материалында кеңейтілген корпус құру, сандық талдау әдістерін (автоматтандырылған мәтін талдауы, жиілік және коллокация анализі, метадеректерді салыстырмалы зерттеу) қолдану қажеттілігі туындайды. Соған қарамастан, осы зерттеу қазақ ғылыми дискурсын цифрлық ақпараттық-коммуникативтік кеңістікте қарастырудың бастапқы үлгісін ұсынып, ғылыми мақаланың жанрлық және коммуникативтік табиғатын түсіндіруде цифрлық трансформация факторын ескеру қажеттігін айқын көрсетеді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала жазу бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. С.Д. Қосназарова мақала материалдарын жинақтау, оның мазмұны мен құрылымын рәсімдеумен айналысты. **Б.Р. Құлжанова** мақаланың жазылу реті мен құрылысына талдау жасап, түзету жұмыстарына жетекшілік етті. **Н.А. Таирова** мақаланың талқылау жұмыстарына қатысты.

Әдебиеттер тізімі

Айдарбек, Қ.Ж., Жунусова, А.С., Бейсеғұл, Д.Т. (2025). Қоғамдық-гуманитарлық саладағы нормативтік терминдер: құрылымдық-модельдік аспект. Вестник КазНУ. Серия филологическая, 199(3), 4–16. – DOI: 10.26577/EJPh202519931.

Аитова, Н.Н., Бақытқызы, М. (2025). Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы: ғылыми талдау және зерттеу мүмкіндіктері. Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия Филология, 152(3), 11–27. DOI: 10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27.

Аманбекқызы, Ж., Сыздықова, Г.О., Хусаинова, Л.М. (2025). Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты. Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия Филология, 152(3), 28–40. DOI: 10.32523/2616-678X-2025-152-3-28-40.

Атаханова, Н., Абдрахманова, Ж.М., Дауткулова, А.Қ. (2025). Алмаз Мырзахмет әңгімелеріндегі көркемдік-эстетикалық ізденістер. Вестник КазНУ. Серия филологическая, 199(3), 144–152. DOI: 10.26577/EJPh2025199313.

Вахтерова, Е.В., Борискина, О.О., Стеблецова, А.О. (2020). Исследовательский дискурс: жанровые универсалии и дисциплинарная специфика научных статей. Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2020(3), 69–78. DOI: 10.17308/lic.2020.3/2935.

Миронова, М.Ю. (2023). Научный дискурс: эволюция теоретико-методологических подходов и концепций. Дискурс, 9(2), 137–155. DOI: 10.32603/2412-8562-2023-9-2-137-155.

Құрбанов, А.Г., Кажиякбарова, Р.Б., Арынбаева, Д.Ж. (2025). Түркі халықтары мен қырғыз есімдеріндегі өзара ұқсастықтар. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, 78(3), 216–232. DOI: 10.48371/PHILS.2025.3.78.013.

Тортай, Ш. А., Розиева, Д. С. (2025). Отбасы концепті ирланд және қазақ әлемінің тілдік бейнесінде. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, 78(3), 406–422. DOI: 10.48371/PHILS.2025.3.78.023.

ALLEA – All European Academies. The European Code of Conduct for Research Integrity. (2023). Revised Edition. Berlin: ALLEA. DOI: 10.26356/ECOC.

Bergstrom, T., Rieger, O. Y., Schonfeld, R. C. (2024). The Second Digital Transformation of Scholarly Publishing: Strategic Context and Shared Infrastructure. Ithaka S+R. DOI: 10.18665/sr.320210.

Hyland, K. (2018). Metadiscourse: Exploring Interaction in Writing. 2nd ed. London: Bloomsbury Academic. 296 p.

Kankam, P. K., Acheampong, L. D., Dei, D. J. (2024). Dissemination of Scientific Information Through Open Access by Research Scientists in a Developing Country. Heliyon, 10(7), e28605. DOI: 10.1016/j.heliyon.2024.e28605.

Malik, A., Mahmood, K., Islam, T. (2024). Open Access Publishing Behavior of University Faculty: A Study of Health Science Universities. Qualitative and Quantitative Methods in Libraries, 13(3), 369–398.

Masson, A. M. (2025). The Agency of Digital Platforms in Open Science: Governance, Metrics and Ontological Implications. Infonomy, 5(3). DOI: 10.3145/infonomy.25.029.

Mohanty, T. K., et al. (2025). Open Science Policy Guidelines Promoting Open Data Sharing in Low- and Middle-Income Countries for Respiratory Health Research under NIHR Global RESPIRE Project.

Ng, J. Y., Judge, A., Cramer, H. (2025). An Altmetric Analysis of the Research Literature About Traditional, Complementary, and Integrative Medicine. Advances in Integrative Medicine, 12(4), e100506. DOI: 10.1016/j.aimed.2025.100506.

Orzeatã, M. (2024). The Digital Transformation of Communication. International Journal of Communication Research, 14(4), 281–288.

Salerno, E. (2024). Digital Humanities: Mission Accomplished? An Analysis of Scholarly Literature. Cultures of Science, 7(1), 34–48. DOI: 10.1177/20966083241234379.

Setiawati, D., Nabilla, S. N., Suherdi, D., et al. (2021). A Move Analysis of Research Article Introduction Written by Indonesian Authors: The Case of Soft and Hard Sciences. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, 546, 127–132. DOI: 10.2991/assehr.k.210427.020.

Verhoef, P.C., Broekhuizen, T., Bart, Y., et al. (2021). Digital Transformation: A Multidisciplinary Reflection and Research Agenda. Journal of Business Research, 122, 889–901. DOI: 10.1016/j.jbusres.2019.09.022.

Deng, Q. (2024). Who Are the Science Audiences? A Typology Study on Digital Scientific Audiences: Persona, Performance, and Public. Science Communication, 46(6), 687–724. – DOI: 10.1177/10755470241252160.

С.Д. Косназарова¹, Б.Р. Кулжанова², Н.А. Таирова³

^{1,2} *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

³ *Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан*

Цифровая трансформация научного дискурса: новые модели в информационно-коммуникативном пространстве

Аннотация. В статье рассматривается цифровая трансформация научного дискурса с позиции новых моделей в информационно-коммуникационном пространстве. Цель исследования – выявление структурных, языковых и мультимодальных особенностей научных текстов в цифровом формате с использованием метода контент-анализа на основе научных статей, опубликованных на казахском языке в журналах, включенных в перечень Комитета по обеспечению качества в науке и высшем образовании Республики Казахстан. В качестве эмпирической базы были выбраны 10 научных статей в области гуманитарных и социальных наук, опубликованных в 2023-2025 годах, полные тексты которых доступны онлайн. В ходе исследования были закодированы такие параметры, как тематическая область, система аннотаций и ключевых слов, композиционная структура текста, терминологическая согласованность, география источников, частота использования визуальных элементов (таблица, диаграмма, иллюстрация) и гиперссылок; проведен количественный и качественный

анализ. В результате исследования установлено, что структура, основанная на традиционной модели IMRAD, сохраняется в цифровом научном дискурсе на казахском языке, однако текст начал приобретать сетевой и интерактивный характер благодаря открытому доступу, DOI, возможностям онлайн-платформ и мультимодальным компонентам. Вместе с тем, в ряде статей отмечено неполное использование гипертекстовых ссылок и визуальных инструментов цифрового формата, непоследовательность в представлении источников и нарушение языковых норм. Полученные результаты позволяют оценить уровень цифровой модернизации научного дискурса в национальном языковом пространстве и описать новые модели научной коммуникации в информационно-коммуникационном пространстве.

Ключевые слова: научный дискурс, цифровая трансформация, информационно-коммуникационное пространство, сетевой журнал, контент-анализ.

S.D. Kosnazarova*¹, B.R. Kulzhanova², N.A. Tairova³

^{1,2} *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

³ *Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan*

Digital transformation of scientific discourse: new models in the information and communication space

Abstract. This article examines digital transformation of scientific discourse from the perspective of new models in information and communication space. The study aims to identify structural, linguistic, and multimodal characteristics of scientific texts in digital format using content analysis of ten scientific articles published in Kazakh in humanities and social sciences, published in 2023-2025 online in journals listed by the Committee for Quality Assurance in Science and Higher Education of Kazakhstan. The study coded parameters such as thematic area, annotation and keyword system, compositional structure of the text, terminological consistency, geography of sources, frequency of use of visual elements (tables, diagrams, illustrations) and hyperlinks, and conducted a quantitative and qualitative analysis. The study found that the IMRAD-based model is preserved in digital scientific discourse in Kazakh, but the text acquired a networked and interactive character due to open access, DOIs, online platform capabilities, and multimodal components. A number of articles noted incomplete use of hypertext links and visual tools in the digital format, inconsistency in presentation of sources, and violations of linguistic norms. The results helped to assess the level of scientific discourse digital modernization in the national linguistic space and describe new models of scientific communication in information and communication space.

Keywords: scientific discourse; digital transformation; information and communication space; online journal; content analysis.

References

Aidarbek, K. Zh., Zhunusova, A. S., & Beisegul, D. T. (2025). Kogamdyk-gumanitarlyk saladagy normativtik terminder: Kurylymdyk-modeldik aspekt [Normative terms in the social and humanitarian sphere: Structural and model aspects]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 199(3), 4–16. <https://doi.org/10.26577/EJPh202519931>

Aitova, N. N., & Bakytzy, M. (2025). Kazak folklorlyk matinlerinin korpusy: Gylymi taldau zhane zertteu mumkindikteri [Corpus of Kazakh folklore texts: Scientific analysis and research possibilities]. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 152(3), 11–27. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27>

Amanbekzy, Zh., Syzdykova, G. O., & Khusainova, L. M. (2025). Shakarim olenderindegi omir turaly makal-matelderдин танымдық сипаты [Cognitive features of proverbs about life in Shakarim's poetry]. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 152(3), 28–40. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-28-40>

Atakhanova, N., Abdrakhmanova, Zh. M., & Dautkulova, A. K. (2025). Almaz Myrzakhmet angimelerindegi korkemdik-estetikalyk izdenister [Artistic and aesthetic explorations in the short stories of Al-

maz Myrzakhmet]. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 199(3), 144–152. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025199313>

Vakhterova, E. V., Boriskina, O. O., & Stebletsova, A. O. (2020). Issledovatel'skii diskurs: Zhanrovye universalii i distsiplinarnaia spetsifika nauchnykh statei [Research discourse: Genre universals and disciplinary specifics of research articles]. Proceedings of Voronezh State University. Series: Linguistics and Intercultural Communication, 3, 69–78. <https://doi.org/10.17308/lic.2020.3/2935>

Mironova, M. Yu. (2023). Nauchnyi diskurs: Evolyutsiya teoretiko-metodologicheskikh podkhodov i kontseptsii [Scientific discourse: Evolution of theoretical and methodological approaches and concepts]. Discourse, 9(2), 137–155. <https://doi.org/10.32603/2412-8562-2023-9-2-137-155>

Kurbanov, A. G., Kazhiakbarova, R. B., & Arynbaeva, D. Zh. (2025). Turki halyktary men kyrgyz esimderindegi ozara uksastyktar [Mutual similarities in Turkic and Kyrgyz personal names]. Abylai Khan University Bulletin. Philological Sciences Series, 78(3), 216–232. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.013>

Tortai, Sh. A., & Rozieva, D. S. (2025). Otbasy kontsepti Irland zhane Kazak aleminin tildik beinesinde [The concept of family in the linguistic worldview of the Irish and Kazakh peoples]. Abylai Khan University Bulletin. Philological Sciences Series, 78(3), 406–422. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.023>

ALLEA – All European Academies. The European Code of Conduct for Research Integrity. (2023). Revised Edition. Berlin: ALLEA. DOI: 10.26356/ECOC.

Bergstrom, T., Rieger, O. Y., Schonfeld, R. C. (2024). The Second Digital Transformation of Scholarly Publishing: Strategic Context and Shared Infrastructure. Ithaca S+R. DOI: 10.18665/sr.320210.

Hyland, K. (2018). Metadiscourse: Exploring Interaction in Writing. 2nd ed. London: Bloomsbury Academic. 296 p.

Kankam, P. K., Acheampong, L. D., Dei, D. J. (2024). Dissemination of Scientific Information Through Open Access by Research Scientists in a Developing Country. Heliyon, 10(7), e28605. DOI: 10.1016/j.heliyon.2024.e28605.

Malik, A., Mahmood, K., Islam, T. (2024). Open Access Publishing Behavior of University Faculty: A Study of Health Science Universities. Qualitative and Quantitative Methods in Libraries, 13(3), 369–398.

Masson, A. M. (2025). The Agency of Digital Platforms in Open Science: Governance, Metrics and Ontological Implications. Infonomy, 5(3). DOI: 10.3145/infonomy.25.029.

Mohanty, T. K., et al. (2025). Open Science Policy Guidelines Promoting Open Data Sharing in Low- and Middle-Income Countries for Respiratory Health Research under NIHR Global RESPIRE Project.

Ng, J. Y., Judge, A., Cramer, H. (2025). An Altmetric Analysis of the Research Literature About Traditional, Complementary, and Integrative Medicine. Advances in Integrative Medicine, 12(4), e100506. DOI: 10.1016/j.aimed.2025.100506.

Orzeatã, M. (2024). The Digital Transformation of Communication. International Journal of Communication Research, 14(4), 281–288.

Salerno, E. (2024). Digital Humanities: Mission Accomplished? An Analysis of Scholarly Literature. Cultures of Science, 7(1), 34–48. DOI: 10.1177/20966083241234379.

Setiawati, D., Nabilla, S. N., Suherdi, D., et al. (2021). A Move Analysis of Research Article Introduction Written by Indonesian Authors: The Case of Soft and Hard Sciences. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, 546, 127–132. DOI: 10.2991/assehr.k.210427.020.

Verhoef, P.C., Broekhuizen, T., Bart, Y., et al. (2021). Digital Transformation: A Multidisciplinary Reflection and Research Agenda. Journal of Business Research, 122, 889–901. DOI: 10.1016/j.jbusres.2019.09.022.

Deng, Q. (2024). Who Are the Science Audiences? A Typology Study on Digital Scientific Audiences: Persona, Performance, and Public. Science Communication, 46(6), 687–724. – DOI: 10.1177/10755470241252160.

Авторлар туралы мәлімет:

Қосназарова Салтанат Досбергенқызы – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: saltanatkosnazarova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2162-5320>.

Кулжанова Бакытгул Райхановна – қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2998-4723>.

Таурова Назгуль Абаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан. E-mail: nazgul_t@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4329-3750>.

Косназарова Салтанат Досбергенқызы – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: saltanat-kosnazarova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2162-5320>.

Кулжанова Бакытгул Райхановна – ассоциированный профессор, кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2998-4723>.

Таурова Назгуль Абаевна – кандидат филологических наук, доцент, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан. E-mail: nazgul_t@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4329-3750>.

Kosnazarova Saltanat Dosbergenkyzy – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: saltanatkosnazarova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2162-5320>.

Kulzhanova Bakytgul Raihanovna – Associate Professor, Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2998-4723>.

Tairova Nazgul Abaevna – Associate Professor, Candidate of Philology, Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nazgul_t@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4329-3750>.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).